

«ЖОМАРТ 3» ЛЕЗДІК ЛОТЕРЕЯСЫН ӨТКІЗУ ШАРТТАРЫ МЕН ЕРЕЖЕЛЕРІ

01 нұсқа

БЕКІТЕМІН
«Сәтті Жұлдыз» АҚ
ПРЕЗИДЕНТІ

_____ А.Э. Тен

11 желтоқсан 2017 г.

МАЗМҰНЫ

1. АНЫҚТАМАЛАР	Ошибка! Закладка не определена.
2. ЛОТЕРЕЯ ОПЕРАТОРЫ.....	3
3. ЛОТЕРЕЯ ТҮРІ.....	3
4. ЛОТЕРЕЯ ӨТКІЗУ АУМАҒЫ	3
5. ЛОТЕРЕЯ ӨТКІЗУ МЕРЗІМІ	3
6. ЛОТЕРЕЯ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ МЕН СИПАТТАМАСЫ	3
7. ЛОТЕРЕЯНЫҢ ҰЙЫМДЫҚ-ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ СИПАТТАМАСЫ.....	4
8. ЛОТЕРЕЯ ҚАТЫСУШЫСЫ МЕН ЛОТЕРЕЯ ОПЕРАТОРЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕРІ	4
9. ҰТЫСТЫ АЛУ ТӘРТІБІ МЕН МЕРЗІМДЕРІ	5
10. ҚАТЫСУШЫЛАРҒА ЛОТЕРЕЯНЫҢ ҚАТЫСУ ЕРЕЖЕЛЕРІН ЖЕТКІЗУ ТӘРТІБІ	6
11. ЛОТЕРЕЯ БИЛЕТТЕРІН ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ ТАРАТУ ТӘРТІБІ	6
12. ЛОТЕРЕЯ БИЛЕТТЕРІНІҢ БАҒАСЫ	7
13. ЛОТЕРЕЯНЫҢ ЖҮЛДЕ ҚОРЫ.....	7
14. ҰТЫСТЫ АНЫҚТАУ АЛГОРИТМІ	7
15. ЖЕҢІМПАЗ АТАНҒАН ҚАТЫСУШЫНЫҢ ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕРІН ЖИНАУҒА ЖӘНЕ СҰРЫПТАУҒА БЕРЕТІН КЕЛІСІМ ТӘРТІБІ.....	8
ҚОСЫМША №1	9
КАССАЛЫҚ ШЫҒЫС ОРДЕРІ	9
ҚОСЫМША №2	10
АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТ АУДАРУЫНА ӨТІНІМ	10
ҚОСЫМША №3	11
ЛОТЕРЕЯ БИЛЕТІНЕ САРАПТАМА ЖАСАУҒА ӨТІНІМ.....	11
ҚОСЫМША №4	12
МӨЛШЕРІ 1 680 000 (БІР МИЛЛИОН АЛТЫ ЖҮЗ СЕКСЕН МЫҢ) ДАНА ЛОТЕРЕЯ БИЛЕТІНЕ ЕСЕЛЕНГЕН «ЖОМАРТ 3» ЛОТЕРЕЯСЫНЫҢ ЖҮЛДЕ ҚОРЫНЫҢ ЕСЕБІ	12
ҚОСЫМША №5	13
ҰТЫМДЫ БИЛЕТ.....	13

1. АНЫҚТАМАЛАР

1.1. Лездік лотерея – бұл Лотереяда, ұтысты анықтайтын белгілердің жиынтығы (жазулар, сандар, таңбалар, суреттер), Лотерея билеттеріне дайындау кезеңінде, Қатысушыларға сатылмас бұрын енгізіледі. Лездік лотерея өткізу барысында Лотереяға Қатысушы ұтыс билетін сатып алған кезден-ақ ұтыстың бар екенін, ұтыс санын немесе оның мүлдем жоқ екенін өздігінен біле алады.

1.2 Лотерея билеті – Лотерея өткізу шарттарымен қарастырылған, Лотереяға қатысу құқығын растаушы құжат болып табылады (бұдан әрі – «лотерея билеті»). Лотерея билеті - 2016 жылғы 9 сәуірдегі № 495-V «Лотереялар және лотерея қызметі туралы» Заңына сәйкес, Оператор мен Қатысушы арасында шарттық қарым-қатынас орнатады.

1.3. Лотерея қатысушысы – он сегіз жасқа толған, жүлде қорын ойнатуға қатысу құқығын беретін лотерея билетіне иеленген жеке тұлға.

1.4. Лотерея операторы – Қазақстан Республикасының Үкіметімен белгіленген (бұдан әрі – «ҚР»), Лотерея қызметін өткізуші заңды тұлға.

1.5. Ұтыс – лотерея өткізу Шарттарына сай, ұтысқа ие болып танылған Қатысушыға лотерея Операторы төлейтін жүлде қорының бөлігі.

1.6. Ұтыс қоры – Лотерея өткізу Шарттарына сәйкес, лотерея билеттерін сату арқылы құралатын және лотерея Қатысушысына ұтыс ретінде төленетін ақшалай қаражат.

2. ЛОТЕРЕЯ ОПЕРАТОРЫ

2.1. Лотерея операторы болып табылатын «Сәтті Жұлдыз» АҚ компаниясы, лотереяны – 2016 жылғы 9 сәуірдегі № 495-V «Лотереялар және лотерея қызметі туралы» Заңына сәйкес өткізеді.

2.2. «Сәтті Жұлдыз» АҚ, ҚР Үкіметінің 2017 жылғы 10 ақпандағы № 48 қаулысы ҚР аумағының лотерея Операторы болып табылады.

Деректемелер:

A21B8P1, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Жетісу ауданы, Нұрсұлтан Назарбаев

даңғылы, 28а;

БИН 160440002507;

ИИК KZ866010131000305888 (KZT)

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ-на;

БИК HSBKZKX;

Кбе 17.

3. ЛОТЕРЕЯ ТҮРІ

3.1. «Жомарт 3» лотереясы лездік лотерея түріне жатады.

4. ЛОТЕРЕЯ ӨТКІЗУ АУМАҒЫ

4.1. Лотерея ҚР барлық аумағында өткізіледі.

5. ЛОТЕРЕЯ ӨТКІЗУ МЕРЗІМІ

5.1. «Жомарт 3» Лотереясын өткізудің басталу мерзімі - 2018 жыл 16 наурыз. Бұл Лотереяның өткізілу мерзімі басталған күннен 12 айды қамтиды. Лотерея Операторы өз тарапынан Лотерея мерзімін ұзарта алады.

6. ЛОТЕРЕЯ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ МЕН СИПАТТАМАСЫ

6.1. Лотерея қағидасы – жүлде қорының лезде ойнатылып, яғни, лотерея билетінде жасырулы жазуларды, суреттерді немесе таңбаларды айқындап, табылған ақпаратты лотереяның шынайы Шарттарымен салыстырудан құралады. Лотерея билетінде қорғаушы қабатпен жасырылған, Қатысушының ұтыс санын анықтайтын жазулар, сандар, суреттер немесе таңбалар бар.

На лотерейном билете имеются скрытые под защитным слоем надписи, рисунки или знаки, определяющие размер выигрыша Участника.

6.2. Ұтыс ойынына қатысу Ережелері лотерея билетіндегі ұтыстың бар немесе жоқ екендігін Қатысушыға өздігінен анықтау мүмкіндігін береді.

6.3. Лездік ойынның лотерея билеттері Дүниежүзілік Лотерея Қауымдастығымен (World Lottery Association) сертифициатталған баспаханада дайындалады. Лотерея билеттеріндегі ұтыстарды тарату автоматтандырылған, кездейсоқ және аңдаусыз үдеріс болып табылады.

6.4. Лотерея Операторы Қатысушының ұсынған лотерея билетін ұтыс билеті деп мойындаса, Қатысушы лотерея Операторынан өз ұтысын талап етуге құқылы.

7. ЛОТЕРЕЯНЫҢ ҰЙЫМДЫҚ-ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ СИПАТТАМАСЫ

7.1. Лотерея, мамандандырылған бағдарламалық жасақтамадан, лотерея терминалынан, лотерея ақпараттың өңдеу орталығы мен лотереялық есептілік орталықтарынан тұратын аппараттық-бағдарламалық кешен арқылы өткізіледі (бұдан әрі – Жүйе).

Жүйе компоненттері, жоғалу, ұрлану, бұрмалау, боямалау, тарату мақсатымен жасалған келісімсіз қол жеткізу мен әрекеттер жасау, оқшаулау, жою, түрлендіру, көшіру және бөгде заңға қайшы әрекеттерден қорғаулы – байланыс желілерімен бірігіп келеді.

7.2. Жүйе лотерея билеттерінің тіркелуін, таратылған лотерея билеттері жайлы ақпараттың сақталуы мен есепке алынуын, сатылған лотерея билеттерінен түскен табыс пен ұтыс мөлшерін, таратылмай қалған және жойылған билеттердің тіркелуін қамтамасыз етеді.

7.3. Оператор, лотерея билеттерінің өндірушісімен – шартқа (келісім-шартқа) және Лотереяның өткізілуіне беттелген басқа да қажет шарттарға (келісім-шарттарға) отырады, лотерея билеттерінің таратылуын іске асырады, қажет жағдайда ұтыс билеттері мен Қатысушылардың ұтыстарына сараптама жасайды.

8. ЛОТЕРЕЯ ҚАТЫСУШЫСЫ МЕН ЛОТЕРЕЯ ОПЕРАТОРЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕРІ

8.1. Лотереяға қатысу ҚР заңнамасымен реттеледі.

8.2. Лотерея Қатысушысының құқықтары мен міндеттері:

а) Лотерея Қатысушысы Оператор жарнама еткен Лотерея жайлы ақпаратты – бұқаралық ақпараттар құралдарынан немесе Интернет желісінен, оған қоса, өзге амалдармен білуге құқылы.

б) Лотерея Қатысушысы лотерея билетін алған кезден бастап Лотереяға қатысуға құқылы.

в) Шарт талаптарына сәйкес, лотерея Қатысушысы лотерея билеті бойынша ұтысын талап етуге құқылы.

г) Лотерея Қатысушысы сот арқылы лотерея Операторының шешімдері мен әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) қарсы болуға ерікті.

8.3. Лотерея Қатысушысы лотерея билетін алған сәттен бастап, билеттің және оның ішіндегі ақпараттың сақталуына жауапты.

8.4. Лотерея Операторының құқықтары мен міндеттері:

а) Лотерея Операторы лотереяда жеңімпаз атанған Қатысушы жайлы ақпаратты тек жазбаша келісім алғаннан кейін немесе ҚР заңнамасында көрсетілген жағдайларға сәйкес жария етуге құқылы.

б) «Лотерея операторы» мәртебесін жоғалтқан жағдайда, лотерея Операторы лотерея билеттерін таратуды (жүзеге асыруды) тоқтатып, лотерея Қатысушыларына бұқаралық ақпараттар құралдары, мерзімді баспасөз басылымдары және Интернет-ресурсы арқылы хабарлауға міндетті. Лотерея операторы 3 (үш) ай мерзімі ішінде Лотерея ұтыстарын өтеуі қажет.

9. ҰТЫСТЫ АЛУ ТӘРТІБІ МЕН МЕРЗІМДЕРІ

9.1. Сәйкес жылға тағайындалған жалақының ең төменгі мөлшерінің (бұдан әрі – «ЖТМ») 50%-ға (елу) дейінгі мөлшерін құраған ұтысты алу үшін, Қатысушы лотерея билетінің түпнұсқасын лотерея Операторына жекелей түрде ұсынуы қажет.

9.2 ЖТМ-нің 50%-дан (елу) жоғары мөлшерін құраған ұтысты алу үшін, Қатысушы лотерея билетінің түпнұсқасынан бөлек, төмендегі әрекеттерді орындауы қажет:

а) лотерея Операторына жеке куәлік көшірмесі (ҚР резидентінті болған жағдайда – жеке куәлік, бейрезиденттерге – паспорт) мен оны салыстыру үшін - құжаттың түпнұсқасын тапсыру;

б) лотерея Операторына ЖСН (12- саннан тұратын жеке сәйкестендіру нөмірін) тапсыру;

в) ұтысты қолма-қол ақшалай алған жағдайда, кассалық шығыс ордерінде қол қойып, дербес деректерін жинақтауға және сұрыптауға келісім беру (Қосымша №1 қараңыз);

г) қолма-қол ақшасыз есеп айырысы жағдайында, Қатысушы Лотерея Операторымен орнатылған, пластик картаның немесе ағымдағы шоттың толық банк реквизиттері көрсетілген өтінім толтырылуы қажет (Қосымша №2 қараңыз).

9.3. ЖТМ-нің 50%-дан (елу) жоғары мөлшерін құраған (2018 жылы 1 ЖТМ = 28 284 теңге) ұтыстарға жеке табыс салығы салынады. Ұтысты алу мезетіндегі қолданыстағы ҚР Салық кодексіне сәйкес, ұтыс мөлшерінен орнатылған салық мөлшері ұстап қалынады. 2018 жылғы салық мөлшері:

- ҚР резиденттеріне - 10% (он);

- бейрезиденттерге - 20% (жиырма)

9.4 В Лотерея билетін жоғалтқан жағдайда, Қатысушы лотерея Операторынан ұтыс сұрауға құқықсыз.

9.5 Ұтысты төлеу Қатысушы лотерея Операторына немесе өкілетті тұлғаға лотерея билетіндегі ұтысты алу мақсатымен ұсынған мерзімнен бастап лотерея Операторымен, 6 (алты) айдан кеш емес уақытта беріледі, ал лотерея билетін сараптау қажеттілігі туған жағдайда төлеу мерзімі сараптама біткенше дейін созылады. Лотерея билеттеріндегі Ұтысты төлеу Лотереяның толық өту мерзімін қамтиды.

9.6 Ерекше Шарттар:

а) ұтыс төлемі тек ұлттық валютада (теңге) және тек бір рет жүргізіледі;

б) ЖТМ-нің 50%-ға (елу) дейінгі мөлшерін құраған ұтыстар лотерея Операторымен сату орындарында қолма-қол ақшалай беріледі;

в) ЖТМ-нің 50%-дан (елу) жоғары және 100 000 (жүз мың) теңгеге дейінгі мөлшерді құраған ұтыстар, ойыншының қалауымен, барлық қажетті құжаттар мен реквизиттер ұсынылғаннан кейін, қолма-қол қаражат түрінде немесе қолма-қол ақшасыз түрде лотерея Операторының өкілдігінде 10 (он) жұмыс күні ішінде беріледі;

г) 100 000 (жүз мың) теңгеден бас жүлдеге дейінгі ұтыстар лотерея Операторының басты кеңсесінде 10 (он) жұмыс күні ішінде беріледі. Төлем тек қолма-қол ақшасыз түрде, барлық қажетті реквизиттердің іс жүзінде ұсынылып, лотерея билетіне тиісті сараптама жасалғаннан кейін беріледі;

д) бас жүлде тек лотерея Операторының басты кеңсесіне келіп, тікелей қатынас арқылы жеке тұлғаны сәйкестендіріп, барлық қажетті реквизиттердің іс жүзінде ұсынылып, лотерея билетіне тиісті сараптама жасалғаннан кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде қолма-қол ақшасыз түрде беріледі;

е) ұтыстың қолма-қол ақшасыз түрде төлену рәсімі, ұтыс билетінің алынып, тиісті өтінім жасалғаннан кейін, жалпы 30 (отыз) күнге дейінгі уақытты қамтиды.

9.7. Шартта көрсетілген уақыт ішінде талап етілмеген ұтыстар, лотерея Операторымен 3 (үш) жыл бойы сақталады. Одан ары ҚР бюджетіне салықтан тыс төлем ретінде қосылады.

9.8. Лотерея қатысушылары ұсынатын ұтыс билеттерінің барлығы Жүйедегі есептік деректері мен лотерея билетінің арасындағы сәйкестікті табу үшін сәйкестендіруден

өтеді. Лотерея билеттерінің сәйкестендіруі мен қабылдануы лотерея терминалы мен арнайы бағдарламалық жасақтама арқылы дереу түрде өтеді. Егер Жүйе ұсынылған лотерея билетін шынайы деп қабылдаса, онда бұндай билет ұтыс билеті деп саналады.

9.9. Сәйкестендіруден өткен лотерея билеті Оператордың және/немесе басқа да өкілетті тұлғаның қалауымен қайта сараптамадан өтуі мүмкін. Сараптама өткізілу мерзімінде Қатысушының қалауымен Оператор лотерея билетін тиісті өтінім арқылы сақтауға ала алады (Қосымша №3).

9.10. Лотерея билетінің сараптамасы билеттің тұтастыққа, тазартып өшіру әрекеттері мен көмескі белгілердің жоқтығына, сандарды өшіру және өзге де бұрмалау әрекеттерін анықтауға, сонымен қатар, лотерея билетінің Жүйеде тіркелуіне негізделген.

9.11. Сараптама уақыты Оператор және/немесе өкілетті тұлға лотерея билетін алған кезден 20 (жиырма) жұмыс күнін құрайды. Ерекше жағдайда, сараптама мерзімі ұзартылуы мүмкін, бұл жағдайда Оператор лотерея Қатысушысын хабарлауға міндетті. Сараптама нәтижесі ретінде, сарапшы акт толтырады. Бұл акт нәтижесіне сай, Оператор немесе өкілетті тұлға ұтысты төлейде немесе дәлелді түрде төлемнен бас тарта алады.

9.12. Сараптама кезінде жалған деп қабылданған лотерея билеттері құқық қорғау органдарына мәлімдеуші жайлы ақпаратпен бірге беріледі. Бұндай лотерея билеттерінің ұтысы төленбейді.

9.13. Ұтыстар лотерея Операторымен, банкпен, лотерея Операторына қызмет етуші немесе басқа да өкілетті тұлғамен төлене алады.

9.14. Ұтыстары төленген ұтыс билеттері Жүйеге енгізіліп, таратылған билеттер мен төленген ұтыстар жайлы ақпарат алынғаннан кейін, қайта алынып, жойылады.

10. ҚАТЫСУШЫЛАРҒА ЛОТЕРЕЯНЫҢ ҚАТЫСУ ЕРЕЖЕЛЕРІН ЖЕТКІЗУ ТӘРТІБІ

10.1. Лотереяға қатысу шарттары мен ережелерін лотерея Операторы тиісті ақпаратты лотерея билеттерін сату жерлерінде, бұқаралық ақпарат құралдарында, Интернет желісі мен лотерея билеттерінің беттерінде орналастыру арқылы жүзеге асырады.

11. ЛОТЕРЕЯ БИЛЕТТЕРІН ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ ТАРАТУ

11.1 Бір бумадағы билеттер саны – 140 (жүз қырық) дананы құрайды.

11.2 Лотерея билеті екі тілде (мемлекеттік және орыс) жазылған келесі ақпаратты қамтиды:

- Лотереяның тіркеу нөмірі;
- Лотерея атауы;
- лотерея билетінің нөмірін;
- Оператор атауы мен байланыс телефон нөмірі;
- Қатысушыға Лотерея жайында дұрыс түсінік беретін Шарттардың үзінділері, ұтыс мөлшері мен ұтысты алу тәртібі, Лотереяның жүлделік қорының Лотереяның жалпы ақшалай түсімінен алатын мөлшері (пайызбен);
- ҚР валютасымен тиянақталған лотерея билетінің бағасы;
- ұтыс алатын мекенжай мен мерзімдер.

Лотерея билетіндегі барлық ақпарат мемлекеттік және орыс тілдерінде көрсетіледі. Бұл талап лотерея Операторымен тіркелген лотерея билеттерінің тауар белгілері мен таңбаламаға таралмайды.

11.3 Лотерея билетіндегі жасырын ақпарат, Қатысушыға ұтыстың мөлшерін, оның бар, не жоқ екенін анықтауға мүмкіндік береді.

11.4 Лотерея билеттерін дайындау кезеңінде ұтыстың бар, не жоқ екенін қорғаушы қабат өшірілмей анықтайтын ешқандай арнайы алгоритмдер мен амалдар қолданылмайды.

- 11.5** Лотерея билеттері лотерея таратушыларына жіберілмес бұрын Оператордың арнайы қорғалған, техникалық жабдықталған қоймаларында сақталады.
- 11.6** Лотерея билеттері ҚР барлық аймақтарына таралады.
- 11.7** Лотерея билеттерінің таратылуын лотерея Операторы және Оператормен тиісті шартқа отырған таратушылармен жүргізіледі.
- 11.8** Лотерея билетін таратушы, лотерея Операторымен отырған шарт талаптарына сай, қабылданған лотерея билеттеріне алған шақтан, іске асырып, таратқан кезеңге дейін толықтай материалдық жауапкершілігін көтереді.
- 11.9** Қатысушы лотерея билетін сатып алғаннан кейін, билет қайтару мен айырбастауға келмейді.

12. ЛОТЕРЕЯ БИЛЕТТЕРІНІҢ БАҒАСЫ

- 12.1.** Лотерея билетінің бағасы кесімді болып табылады және 500 (бес жүз) теңгені құрайды.
- 12.2.** Лотерея таратушысы бағаны өздігінше өзгертуге немесе билеттерді басқа бағамен сатуға құқықсыз.
- 12.3.** Билет бағасына ҚҚС қосылған.

13. ЛОТЕРЕЯНЫҢ ЖҮЛДЕ ҚОРЫ

- 13.1.** Лотереяның жүлде қоры тек қана Қатысушылардың ұтыстарын төлеуге жұмсалады және оған лотерея Операторының өзге міндеттемесі таратылмайды.
- 13.2.** Лотереяның жүлде қорына қандай да бір өзге міндеттемелермен салмақ салуға, сонымен қатар, Лотерея жүлде қорының қаражатын ұтыстарды төлеуден басқа мақсатта қолдануға қатаң тиым салынады.
- 13.3.** Лотереяның жүлде қорын ұтыстарға бөлу мынадай қағидаларға сай атқарылады:
- а) жүлде қоры түгелімен ұтыстарға үлестірілуі тиіс;
 - б) ең төменгі дара ұтыс мөлшері лотерея билетінің бағасына тең болады;
 - в) ұтыс жайлы ақпаратты айқындайтын жазулар, сандар мен таңбалар жиынтығы билетті дайындау сатысында түсіріледі.
- 13.4.** «Жомарт 3» лотереясының жүлде қоры сатылған билеттер түсімінің 58% (елу сегіз) құрайды.
- 13.5.** Жоспарланған жүлде қорын үлестіру құрылымы Лотереяның ұтыс мөлшеріне сәйкес, бір сериясы 1 680 000 (бір миллион алты жүз сексен мың) билет, әр билет бағасы 500 (бес жүз) теңге болып есептелінген және кестеде көрсетілген (Қосымша №4 қараңыз).

14. ҰТЫСТЫ АНЫҚТАУ АЛГОРИТМІ

- 14.1.** Лотерея Қатысушысы төлем жасап, билетін алғаннан кейін, оны өздігінен тексеріп, билетінің ұтыс немесе ұтпайтын билет екенін анықтай алады.
- 14.2.** Лотерея билетіндегі ұтысты анықтау үшін, лотерея билетіне түсірілген жасырын жазуларды, суреттер мен таңбаларды тауып, ондағы ақпаратты көрсетілген Шарттармен салыстыру қажет.
- 14.3.** Лотерея билетінде ойын алаңы бір ойын терезесінен тұратын бір ойын орнатылады. Ойын терезесіндегі қорғаушы қабаттың астында 4 (төрт) таңба орналасқан, 1 (бір) таңба – Ұтыс саны, қалған 3 (үш) таңба – ойын сандары. Қорғаушы қабаттың астындағы Ұтыс саны басқа ойын сандарымен сәйкес келген жағдайда билет ұтыс билеті болып саналады. Ойын сандарының астанда орналасқан ұтыс мөлшері (сандық мәні) ұтыстың нақты ақшалай құнына сәйкес келеді. Ұтымды және ұтымсыз комбинациялардың мәнін ашу (Қосымша №5 қараңыз).

14.4. Лотерея ережелерімен танысып, лотерея билетін сатып алғаннан кейін, Қатысушы қорғаушы қабатпен жасырылған жазуларды, суреттерді немесе таңбаларды анықтайды. Егер лотерея билеті лотерея Шарттарына сәйкес соманы құраса, лотерея Қатысушысы Оператордан немесе өкілетті тұлғадан ұтысын талап ете алады.

15. ЖЕҢІМПАЗ АТАНҒАН ҚАТЫСУШЫНЫҢ ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕРІН ЖИНАУҒА ЖӘНЕ СҰРЫПТАУҒА БЕРЕТІН КЕЛІСІМ ТӘРТІБІ

15.1. ЖТМ-нің 50%-дан (елу) жоғары мөлшердегі ұтысты төлеместен бұрын Қатысушы лотерея Операторына жазбаша келісім толтырып, оған «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» ҚР Заңына сәйкес, өзінің дербес және биометриялық деректерін сұрыптауға, жинақтауға, жоюға, қорғауға, қолдануға, сақтауға және таратуға келісімін беруге міндетті.

15.2. Дербес және биометриялық деректерге: жеңімпаз атанған лотереяға Қатысушының Аты-жөні, ЖСН, заңды мекенжайы, жеке куәлік көшірмесі, қолы, байланыс телефоны, пластикалық картаның немесе ағымдағы шоттың толық банк реквизиті жатады.

15.3. Лотереяда жеңімпаз атанған Қатысушы жайлы ақпаратты бұқаралық ақпараттар құралдарында және/немесе Интернет желісінде жариялау, тек қана, жеңімпаз атанған Қатысушының жазбаша келісімімен өтеді. (Қосымша №2 қараңыз).

Кассалық шығыс ордері

Қазақстан Республикасы
қаржы Министрінің
2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 562
бұйрығына
Қосымша 2

КО-2 формасы

"Сәтті Жұлдыз" Акционерлік Қоғамы

ұйым (жеке кәсіпкер)

ЖСН/БСН **160440002507**

Құжат нөмірі	Жасалған күні

КАССАЛЫҚ ШЫҒЫС ОРДЕРІ

Дебет	Несие	Сомасы, KZT	Нысаналы мақсат коды
Сәйкестендірілмелі шот			

Берілсін _____ аты-жөні, әкесінің аты

Негіздеме _____

Қосымға құжаттар _____

Сомасы _____ жазбаша

Сатушы-консультант (шарт бойынша өкілетті тұлға) _____ / _____ қолы қолының түсіндірмесі

Қабылдадым _____ / _____ қолы аты-жөні, әкесінің аты

Жеке куәлігі (бейрезидент болған жағдайда паспорты), _____ атауы, нөмірі, қабылдаушының жеке басын куәландыратын құжаттың берілген күні, орны

Осымен Мен, _____, ҚР 2013 жылғы 21 мамырдағы №94-V «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңы мен «Алтын» лездік лотереясының _____ бастап бекітілген Шарттары мен ережелеріне сәйкес, дербес деректерімді жинауға және сұрыптауға келісімді беремін.

_____ қолы / _____ қолының түсіндірмесі

Ақшалай қаражат аударымына өтінім

Осымен Мен,

ЖСН (толық Аты-жөні), туған жылы

жеке куәлігі / паспорт №

берілген мекенжайында тіркелген: керегін сызыңыз)

№ лотерея билетінің ұтысын пластикалық карточкама / банктегі ағымдағы шотыма (керегін сызыңыз) аударуыңызды сұраймын.

1. Банк атауы:
2. Банк бөлімшесінің корреспонденттік шоты: (қажет етілсе)
3. Банк БСК:
4. Банк БСН:
5. Пластикалық картаның немесе ағымдағы шоттың KZT нөмірі:

Менің кері байланыс деректерім:

тел. ұялы. тел: e-mail _____

Қосымша:

- № лотерея билетінің түпнұсқасы;
- жеке куәлік көшірмесі (бейрезидент болған жағдайда – паспорт көшірмесі);
- банк реквизиттерінің көшірмесі.

Осымен Мен,

Келесілерге:

ҚР 2013 жылғы 21 мамырдағы №94-V «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңы мен «Алтын» лездік лотереясының _____ бастап бекітілген Шарттары мен ережелеріне сәйкес, дербес деректерімді жинауға және сұрыптауға;

«Лотереялар және лотерея қызметі туралы» Заңының 4 бабының 4 п. сәйкес – Лотерея қатысушысы және № _____ лотерея билеті бойынша жеңімпаз ретінде, мен жайлы мәліметтерді бұқаралық ақпарат құралдарында және/немесе Интернет желісінде (сонымен қатар, «Сәтті Жұлдыз» АҚ сайтында) жариялауға келісімді беремін.

_____ (толық Аты-жөні, қолы)

Лотерея билетіне сараптама жасауға өтінім

Осымен Мен, _____ (толық Аты-жөні), ЖСН _____, туған жылы _____, жеке куәлігі / паспорт (керегін сызыңыз) № _____, _____ (кіммен) _____ (қашан) берілген, _____ тіркелген мекенжайым _____, № _____ лотерея билетін, «Алтын» лездік лотереясының _____ бастап бекітілген Шарттары мен ережелеріне сәйкес – тұтастыққа, тазартып өшіру әрекеттері мен көмескі белгілердің жоқтығына, сандарды өшіру және өзге де бұрмалау әрекеттерін анықтауға сараптама жасауыңызды сұраймын.

Менің кері байланыс деректерім: тел. _____, ұялы. тел. _____, e-mail _____.

(Аты-жөні толық, қолы)

Қосымша:

- 1) № _____ лотерея билетінің түпнұсқасы;
- 2) Жеке куәлік көшірмесі (бейрезидент болған жағдайда – паспорт көшірмесі);
- 3) Банк реквизиттерінің көшірмесі.

Осымен Мен, _____ (толық Аты-жөні), ҚР 2013 жылғы 21 мамырдағы №94-V «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңы мен «Алтын» лездік лотереясының _____ бастап бекітілген Шарттары мен ережелеріне сәйкес, дербес деректерімді жинауға және сұрыптауға келісімімді беремін.

(толық Аты-жөні, қолы)

**Мөлшері 1 680 000 (бір миллион алты жүз сексен мың)
 дана лотерея билетіне есептелген «Жомарт 3»
 лотереясының жүлде қорының есебі**

Жүлде құны (KZT)	Ұтыс билетінің саны (дана)
500	50 000
100 + 200 + 200	60 000
100 + 100 + 300	50 000
300 + 200	50 000
1 000	25 000
500 + 300 + 200	25 000
300 + 300 + 400	25 000
500 + 500	25 000
2 500	9 312
1 000 + 1 000 + 500	10 000
2 000 + 200 + 300	10 000
2 000 + 500	10 000
5 000	2 296
2 000 + 2 000 + 1 000	4 000
1 000 + 1 000 + 3 000	4 000
2 500 + 2 500	4 000
10 000	570
2 500 + 2 500 + 5 000	2 000
5 000 + 5 000	1 000
20 000	500
5 000 + 5 000 + 10 000	1 500
50 000	45
20 000 + 20 000 + 10 000	400
100 000	63
50 000 + 50 000	62
1 000 000	2

Ұтымды билет

500 ₸

Жомарт

Егер ұтыс саны сіз таңдаған санның бірімен сәйкес келсе, сіз ұттыңыз!

Если выигрышное число совпало с одним из ваших чисел, вы выиграли!

Саты Zhuldyz®

ҰТЫС САНЫ
ВЫИГРЫШНОЕ ЧИСЛО

17
СМНЦ

10
ДЕС
₸5000
ПЯТЬ Т.

СІЗДІҢ САНДАРЫҢЫЗ

20
ДВДЦ
₸2000
ДВЕ Т.

ВАШИ ЧИСЛА

17
СМНЦ
₸500
ПЯТЬ С.

123456789012

00000-000000-000

Ұтуға 3 мүмкіндік! 3 шанса выиграть!

Берілген комбинацияның ұтыс сомасы - 500 (бес жүз) теңге.